

Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қазан 1993 ж. N 1053

Қазақстан Республикасы Президентінің "Үндістан Республикасында Қазақстан Республикасының елшілігін ашу туралы" 1993 жылғы 15 маусымдағы N 1225 U931225_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны жылдық еңбек ақы қоры 105300 АҚШ доллары сомасында болатын 11,5 адам саны көлемінде бекітілсін.

2. Үндістан Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшісінің лауазымдық жалақысы 1500 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Үндістан Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшісінің шетелдік валютамен берілетін жалақысына қарай штаттық кестеге сай белгіленсін.

3. Елшіліктің қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге

олардың еңбекақы қорының АҚШ долларындағы 3,5 проценті мөлшерінде аударым жасау белгіленсін.

4. Үндістан Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің шығыс сметасы 1993 жылғы 4 айға 313,5 мың АҚШ доллары және 73837,2 мың сом мөлшерінде бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы аталған мақсатқа 1993 жылғы республикалық бюджет пен Республикалық валюта қорында көзделгеннен қаржы бөлінуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК